

ALMATYKITAP

Презентациялар | Кездесулер | Семинарлар

Тақырыбы:

«ТорIQ – білім беруді
цифрландырудың драйвері»

**Қазақстан Республикасының
барлық өңірлерінде**

Мақсаты – ТорIQ электрондық
оқулықтар платформасын ұстаздар
қауымына таныстыру және қолдануға
бейімдеу

Семинарда еліміздің барлық өңіріндегі педагогика саласының мамандары жаңа білім беру платформасының оқу материалдарын тез меңгеруге көмектесетініне көз жеткізіп, оқушылардың білімге деген құштарлығын да арттыруға негізделген мүмкіндіктерін көреді. Презентация семинар форматында өтеді және ұстаздар қауымын қамтиды.

Қостанай облысында өткізілетін семинарлар мен ашық сабақтардың уақыты мен орны:

Қостанай қ.

02.11.2022 ж. сағ 13.00-16.00

«Қостанай қаласы білім бөлімінің №15 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Рудный қ.

03.11.2022 ж. сағ. 10:00-14:00

«Рудный қаласы білім бөлімінің Б. Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясы» КММ

Рудный қ. П.Корчагин көшесі, 153

Әуликөл ауданы

04.11.2022 ж. сағ 10.00-17.00

«Әуликөл ауданы білім бөлімінің С.Баймағамбетов атындағы мектеп-гимназиясы» КММ

Әуликөл а. 1 Май, 43



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Тұңғыш отандық цифрлық оқулықтар платформасы - ұстаздар қауымына ұсынылады.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру және Реформалар жөніндегі жоғарғы кеңестің кезекті отырысында Президент Қ.К. Тоқаевтың «Оқулықтарды цифрлық форматқа көшіру және оқушы сөмкесінің салмағын жеңілдету» жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында, «Алматыкітап баспасы» тұңғыш «ТорIQ» білім беру web-платформасын тиімді пайдаланудың әдіс-тәсілдерімен бөліседі. Осы – интерактивті оқулықтар платформасын жасауға күш салған баспасының техникалық мамандары мен редакторлары, еліміздің барлық өңірлеріндегі ұстаздар қауымына арнап кәсіби семинарлар өткізеді.

Семинардың негізі бөлімі бейне және аудио сүйемелдеумен, «ТорIQ.kz» платформасын көпшілікке көрсету арқылы, ауқымды презентация форматында ұсынылады.

2020-2021 қашықтықтан оқыту кезеңінде біздің баспа жасаған цифрлық контент еліміздің көптеген аймақтарында оқу үдерісіне сәтті енгізілді. Тәжірибе көрсеткендей, электронды оқулықтарды пайдалану - оқытушылар мен оқушылар, ата-аналар үшін өте ыңғайлы.

Осындай қызықты әрі ауқымды іс-шараға БАҚ өкілдерін, мектеп басшыларын, блогерлерді, педагогикалық сала мамандарын, мұғалімдерді, мектеп оқушылары мен ата-аналарды шақырамыз.



«TopIQ» білім беру web-платформасын таныстыру шаралары



«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында (2021 ж. №12 қазан. № 726 қаулы) барлық деңгейдегі білім алушылардың білім сапасын арттырудың негізгі міндеттері белгіленген. Атап айтқанда:

- Білім беру сапасын арттыру;
- Цифрлық экономика үшін адам капиталын дамыту;

- Оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта жасау.

«Алматыкітап баспасы» еліміздегі көшбасшы баспалардың бірі ретінде Ұлттық жобаның табысты жүзеге асуына өзіндік үлесін қосу мақсатында сапалы мектеп оқулықтарымен қатар, тұңғыш отандық электрондық оқулықтар платформасын әзірледі.

Topiq.kz - электрондық оқулықтар платформасына арнайы сараптамадан өтіп, Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығына енген оқулықтар орналастырылған. Қазіргі таңда платформаның «Кітапханасында» 1-11 сыныптар мен мектепалды даярлық тобына арналған 108 цифрлық оқу бар.

2021-2022 оқу жылында Topiq.kz электрондық оқулықтар платформасына еліміздің 200-ден астам мектеп тіркеліп, 200 000-ден астам пайдаланушы пайда болды. Білім беру үдерісін табысты ұйымдастыруда сенімді цифрлық контент ретінде оң баға берілді.

«Алматыкітап баспасы» әзірлеген білім беру платформасының басты ерекшелігі – инклюзивтілігінде. Яғни, платформаның қызметтері оқушының жеке білім алу траекториясын құруға өте ыңғайлы. Елімізде 7 мыңға жуық мектеп, 340 мыңнан астам мұғалім және 3,5 миллионға жуық оқушы бар. Жаңа платформа әрбір оқушыға жеке тапсырмалар беруге, алған білімдерін қайталап, тексеруге мүмкіндік береді.

QR кодқа өтіңіз де, сынақ сабаққа қатысыңыз!
TopIQ.kz платформасында бізбен бірге болыңыз!



Қосымша ақпарат:

Call-центр: 87089724258, 87089724259,



@almatykitap_official